



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ

Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ



СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

Фромм утверждает, что даже взрослый человек может не выбраться из плена инфантилизма, который выражается в инцестуозных фиксациях, и, как следствие, в потери способности самостоятельно ставить и решать жизненно важные задачи. Существует определенность бытия человека, его стремление к некоторой цели и возможность отклониться от верного пути. И состоявшаяся зрелая личность, и возможные отклонения интерпретируются в различных психологических концепциях по-разному; цель личностного развития понимается К. Юнгом как индивидуация, Э. Фроммом как синдром роста, Э. Эриксоном как самоидентичность, З. Фрейдом как преодоление эдипова комплекса. Понятие необходимого также различно, но все теории содержат представление о том, что некоторое должное состояние существует, и человек, не выполнивший обязательства, в той или иной степени ответствен за последствия такого выбора. По-разному будут пониматься и сами невыполнения — некрофилия, отказ от самости, кризис самооценки, неправильная система ценностей, излишние свобода или подавление влечений и т. п. В то же время выше перечисленные психологи замечают тот факт, что во многих религиях присутствует схожее представление о некотором духовном пути, который человеку нужно пройти для достижения цели, пред заданной самим фактом его рождения (спасения души, райского блаженства, нирваны, духовной миссии), а грех, как правило, имеет значение неподчинения этой цели. Кроме того, психологи видели в религии своего соратника в решении психотерапевтических задач, поскольку основные составляющие вероучений воспринимались ими как своего рода инструкции душевного здоровья [3, с.308]

Другие особенности душевной жизни тоже могут выступать в качестве психологических предпосылок к индивидуальной религиозности. Так как человеку присущ постоянный поиск смысла, он как бы живет в мире смыслов, очень важное значение имеет тот факт, что нарушение целостности этой системы (так называемый когнитивный диссонанс, по терминологии Л. Фестингера) приводит к серьезному психическому дискомфорту, вариативные способы преодоления которого предоставляет религия. Личность постоянно стоит перед задачей ценностного выбора, жизненных приоритетов и ориентиров; в целом ряде ситуаций разумные методы достижения и оправдания этого выбора отсутствуют, и религия предлагает “измененные формы” его осмысления тогда, когда, в действительности он осуществляется на бессознательных причинах.

#### **Список использованных источников:**

1. Кулаков П.А. Учащаяся молодежь и религия // Социс 1995 №11 С. 75-76
2. Мчедлов М.П. О религиозности российской молодежи // Социс 1998 №6 С. 203-205
3. Коллинз Р. Социологическая интуиция: Введение в неочевидную социологию. Пер. с англ. В.Ф. Анурина / Личностно-ориентированная социология. - М., 2004. – 308 с.

УДК 297.1

### **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ ТОПТАРДЫҢ ТАНЫМЫНДАҒЫ НЕКЕ ТҮСІНІГІ**

**Айбасова Арайлым Галымовна**

*[aibasova\\_arailym@mail.ru](mailto:aibasova_arailym@mail.ru)*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Дінтану кафедрасының 4 курс студенті

Ғылыми жетекші - К.Тышхан

Неке қазақ дәстүрінде де, мұсылман қоғамында да киелі ұғымдардың бірі болып табылады. Түп негізі араб тілінің «Никах» сөзінен шыққан. Мағынасы «қосылу, көбею» дегенді білдіреді. Ал діни мағынасына келетін болсақ, шарифат үкімі мен талаптарына сай үйлену деген мағына береді. Ислам дінінде некелесу сүннет болып саналады. Шаңырақ

кұрып, ұрпақ көбейту – дінімізде ардақты, игі істерге жатады. Неке қасиетті ұғым. Екі жұптың арасындағы бір-біріне деген беріктік пен адалдық шарты. Алла тағала Құранда ер адам мен әйелдің неке қиып, отбасын құруы жайлы былай деген:

«Сендерге, оған тұрақтауларың үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік, мейірімділік пайда қылғандығы да Оның белгілерінен. Сөз жоқ, осыларда ойланған елге белгілер бар (Құран: 30/21)» [1,406 б.].

Ал пайғамбарымыз болса, «Үйленіңдер және көбейіңдер! Қиямет күні үмметімнің көптігімен мақтанамын», -деп үйленудің маңызын айтып кеткен [Әбу-Дәут: 2050]. Қазіргі кезде неке қию, үй болып, отбасын құруға немқұрайлы қарайтындар саны артып келеді. Шаңырақ құрудың жауапкершілігін сезінбей, шариғаттағы неке шартын толық білмей, асығыстық танытып жатады. Сол себепті осындай жауапты іске барар алдында барлығын ақылға салып, барлық нәрседен хабардар болу керек.

Қазақ халқында «Үйлену оңай, үй болу қиын» демекші, отбасы құрған жастардың көп жағдайда шаңырақтарын шайқалтып алатындары бар. Олардың себептеріне отбасын құрудағы жауапсыздық, мінездерінің сәйкес келмеуі, ерлі-зайыптылардың, ата-аналарымен қарым-қатынастың дұрыс болмауы, махаббатсыз үйленуі немесе некеге жеңіл қарау жатады. Некеге жауапсыздықпен қарау неден туады? Ол ең бірінші, жастайынан берілген тәрбиеден көрінеді. Жастайынан көргенділікке, имандылыққа, салмақтылыққа, кішіпейілділікке тәрбиеленген бала әр басқан қадамын ойланып жасайды. Екінші, ата салт-дәстүрін танымау. Ата-бабамыз ынтымақ пен бірлікті көздің қарашығындай сақтаған. Отбасылық құндылықтарға өте көп мән берген. Араларында жеті атаға толмай ағайын ара қыз алмау, тіпті әуелі жігіт пен қыз тұрған «екі ауылдың арасында жеті өзен болсын» деген шарт та болған. Бұл ұқсас қандылардың өзара некелесуіне тыйым салудан келіп шыққан. Қазақ халқының салт-дәстүрі мен дүниетанымы тұрғысынан алғанда екі жасты жарастыруды ертеде үй іші болып, қауым болып қолға алатын. Араздасқанды татуластырып, ымыраға келтіріп, құда-құдағилар жас отбасын сақтап қалуға мүдделілік танытатын еді. Бүгінде қазақ салт-дәстүрін толығымен сақтап отырған отбасын табудың өзі қиынға соғады. Төл дүниетанымымызға сай келетін жөн-жоралғылардың көмескіленіп кеткендігінің ағайын арасындағы қарым-қатынаста түсініспеушілік тудырғаны шындық. Енесін сыйламайтын келін, ата-анасына көңіл бөлмейтін бала, «үлкенді үлкен деп, кішіні кіші» деп білмейтіндер кездесіп қалатыны жасырын емес. Қадірлеп, қастерлер салт-сана болмаған жерде, болашағымыздың өркендеуі бірталай емес пе?

Үшінші, өзі ұстанып жүрген дінінен хабарының аздығы. Негізі отбасының діңгегі – діні мен ділі. Әрбір үйленуге шешім қабылдаған мұсылман ер немесе мұсылман әйел некенің шарттарымен жақсы таныс болу керек. Кімдермен үйленуге болмайтынын, қандай жағдайларда некелесуге рұқсат берілетіні жайлы толық мағлұмат болу керек. Ислам дінінде неке адал саналып, оған үлкен жауапкершілік жүктеледі. Себебі, дініміздің мақсаты, неке арқылы көзі ашық көкірегі ояу, саналы әрі рухани пәк ұрпақ тәрбиелеу. Маңыздылығы мен жауапкершілігіне қатысты дін белгілі бір шарттар қояды. Осы некенің діни шарттарына тоқтала кетсек:

- Некелесу алдында екі жақтың да ата-аналарының немесе жақындарының келісімі болуы керек. Ханафи мәзхабы бойынша, ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына келген қыз баланың ата-ананың келісімінсіз неке қидыруына рұқсат. Бірақ өзінің теңіне бармаған кезінде ата-анасы оның некесін бұздыра алады. Сондықтан ата-ананың ризашылығын алған жақсы деген. Ал қалған үш мәзхабта (Шафиғи, Ханбали, Малики) некенің дұрыстығы үшін ата-ананың келісімі шарт. Ханбали мәзхабында мұны некенің шарты деп есептемегенімен, күйеу жігіт қыздың теңі болмаған жағдайда некені бұзуды ата-ананың ыркына берілетінін айту арқылы ата-ана келісімінің маңыздылығына ишарат жасайды. [2,56 б.]

- Ер мен әйел де мұсылман болуы тиіс. Бұл жерде мұсылман әйел мен мұсылман емес еркекке үйленуіне тыйым жайлы Құран кәрімнің «Бақара» сүресінің 221-ші аятында: «...Және иман келтіргенге дейін мүшірік ерге мүмін әйелдерді үйлендірмеңдер» деп айтылып кеткен [1,35 б.]. Мұсылман әйел мұсылман емес ерге тұрмысқа шықса, күйеуі үстемдік жасап

оны иманнан алыстатуға ықпал жасауы мүмкін. Сондықтан Алла тағала мұсылман әйелдің мұсылман емес ерге тұрмысқа шығуына тыйым салған.

- Міндетті түрде куәгердің болуы шарт. Неке келісімі кем дегенде екі еркек немесе бір еркек пен екі әйел кісінің куәлік етуімен солардың көзінше болу. Әрі бұл куәгерлер кәмілет жасына толған және ақыл-естері дұрыс жандардан таңдалады. Психологиялық ауытқушылығы бар, құлағы нашар еститін, керең азаматтар куәлік ете алмайды. Міне осындай қысқаша, әрі нақты шарттардың түрлерін білу әрбір мұсылманға міндеттеледі.

Шариғаттағы некенің орны маңызды, әрі үлкен мән берілгеніне қарамастан, суниттер мен шииттер арасында некеге қатысты қайшылықтары бар. Араларында келіспеушіліктер туындап, бұл артынан үлкен дау-дамайға айналып жатыр. Шииттердің уақытша неке дәстүріне суниттіктер түбегейлі қарсылығын білдіреді. Уақытша неке қию (Накаху мута) араб тілінен-уақытша көңіл көтеру, ләззат алу мақсатында қиылатын неке дегенді білдіреді. Қоштасу хұтбасында мута некесіне тыйым салынған. «Уа, адамдар! Әйелдердің ақысын аяқ асты етпеңдер. Алладан қорқыңдар. Әйелдеріңді Алланың аманаты ретінде әрі нәзік жаратылыс иесінің ар-намысын қорғауға Алла атымен сөз беріп, адал жар ретінде алдыңдар. Сендер әйелдерің алдында, әйелдеріңнің де сендердің алдарында хақысы бар. Сендер одан жар төсегін былғамауды талап етуге құқылысыңдар. Сендердің қаламаған адамдарыңды үйлеріңе кіргізсе, әйелдеріңді шектен шықпай жөнге сала аласыңдар. Әйелдің ақысын өтеуге міндеттісіңдер, яғни олардың ішіп-жемін, киім-кешегін қамтамасыз ету сендердің міндеттерің» [4].

Пайғамбарымыз айтады: әйелдерге жақсылық істеңдер. Сендердің жақсыларың өз әйелдеріңе зұлымдық жасамаған адам. Шариғат заңында ер мен әйелдің уақытша некелесуіне тыйым салынады. Неке ешқашанда уақытпен шектелмеуі тиіс. Олай болған жағдайда неке қасиеттілігінен айырылады. Құран кәрімде дәлел ретінде мынадай аят түсірілген: «Үйлене алмағандар, Алла өз кеңшілігімен байытқанға дейін суық жолдан сақтансын. Қолдарыңдағылардан (құл, күң) хат тілегендерге, егер оларда бір қайыр білсеңдер, хат келісімін жасаңдар. Әрі оларға Алланың өздеріңе берген малынан да беріңдер. Өздері абыройлы болуды қалаған күндеріңді дүние тіршілігінің пайдасы үшін жамандыққа зорламаңдар. Кім оларды зорласа; онда Алла, ол зорланғаннан кейін аса жарылқаушы, ерекше мейірімді» (Құран: 24/33) [1,353 б.].

Бұл аяттың мағынасы егер шаңырақ құруға шамаңыз келмесе, Алла тағала өзінің мейірімділігі, қайырымдылығы мен кеңдігімен сізге көмектескен уақытқа дейін, ар-намысыңызды сақтаңыз дейді. Яғни некелесу адамның өмірінде тұрақты және өмірінің соңына дейін болу керек.

Ал шииттер суниттердің, күйеуі некені бұзса неке жойылды деп саналатын қағидасына қарсы келеді. Ажырасу құқығы негізінен ер азаматқа берілген. Бірақ неке уақытында әйел де бұл құқыққа ие болу талабын қоя алады. Көріп отырғанымыздай, түбегейлі басымдық көрсетпеген, әйелге де белгілі бір мөлшерде құқық берілген.

Және де осы жерде Пайғамбардың мына хадисін ұмытпай, үнемі жадында ұстау керек: «Рұқсат етілген істердің ішіндегі Аллаға ең ұнамсызы – ажырасу» деген [Ибн-Мәжа: 2018]. Ажырасу өзінің артынан зардаптарын қосақтап жүретінін естен шығармау керек. Ол жанұяның ыдырауына, баланың жетім өсуіне алып келеді. Нәтижесінде әкесіз немесе анасыз өскен баланың бойында көптеген психологиялық ақаулар пайда болады. Ол сезімтал жасқаншақ, өзіне сенімсіз келеді. Өмірден түңіліп, кейбіреулері ата-анасының осындай қадамға барғандарына өздерін кінәлап, жан түршігерлік жайт суцидке де барып жатады. Ал көп жағдайда психологиясы бұзылған бала, түрлі діни ағымдардың жетегінде кетеді. Олардан жан жылуын табады, шынайы қолдау көреді. Міне осындай жағдай орын алмас үшін адам әрбір қадамын ойланып басу керек. Әр себептің өзінің салдары болатынын ұмытпаған жөн.

Сунниттік көзқарастардың арасында да кейбір түсініспеушіліктер кездесіп отырады. Мәселен төрт мазхаб көзқарастарына қайшы келетін кейбір ағымдардың ұстанымдарына тоқталатын болсақ. Олардың қазіргі кездегі кең таралып отырған ағым болуына байланысты

бұл тақырып жөніндегі ұстанымдары да біз үшін аса маңызды саналады. Бұл қазіргі уахабтық ұстаным немесе сәләфиттік көзқарас деуге болады.

Уахабтықтардың неке қию ұстанымына келер болсақ, оларда да қайшылықты жағдайлар орын алып жатыр. Тек уақытша рахат алу мақсатында, адамның жеке қызушылығына ғана көңіл бөлетіні байқалады. «Накаһу мисийар» деп аталатын бұл неке түрін шейх Усеймин алғаш рет қолдаған болатын. Накаһу мисийар дегеніміз не? Бұл өздерінің пайымдауынша: таза шарият жолымен жасалған, тек нәтижесінде әйел белгілі бір құқықтарынан өз еркімен бас тартады екен. Ер әйелін ешқандай тұрмыс заттарымен, баспанамен қамтамасыз етпеуге, әйелімен күн сайын уақыт өткізбеуге, екеуінің біреуі қайтыс болған жағдайда мұрагерліктен бас тартуға және ерінің белгілі бір уақытта некесін жоятыны жайлы өзара келісім арқылы жүреді. [3]

Олар осындай кемшілікке жол беру арқылы, тек өздерінің ғана емес, сондай-ақ діни сауаты жоқ адамдарды да адастыру үстінде. Әйелдердің құқықтарын шектеу арқылы, діни қағидаларға қайшы келеді. Осының салдарының көбісі некенің әлеуметтік-қоғамдық көріністеріне нұқсан келтіреді.

Қорытындылай келгенде, неке тек заң шеңберінде ұйымдастырылатын салтанатты рәсім ғана емес, оның этикалық мәнге ие екенін айта кеткен жөн. Некенің жауапкершілігін сезініп, оның имандылық, кішіпейілділік, салмақтылық қасиеттерінсіз тұрақтылығы күмәнді екенін ұмытпау керек. Олай болса жастардың, жалпы қоғамымыздың рухани сауаттылығын арттыру қажеттілігі туады. Осындай келеңсіздік болмас үшін жат діни ағымдарға түсіп кетуден сақтанып жүруіміз маңызды болмақ Ал осы мәселеде ата-ананың рөлі жоғары екенін ұмытпаған жөн. Бірінші кезекте өзінің, одан кейін баланың тәрбиесіне, болашағына мән беру қажет. «Отан – отбасынан басталады» демекші, қоғам үшін де, мемлекет үшін де отбасының қаншалықты маңызды екенін білеміз. Отбасындағы құндылықтарға баса назар аудару, салт-дәстүріміздің сақталуына өз үлесімізді қосу парызымыз. Сондықтан да халық болып Қазақстан елінің тұрақтылығына, дамуына ат салысу ләзім.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Халифа Алтай «Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі» ауд: Сауд Арабия, 1991.
2. Әділбаева Ш. «Исламдағы жанұя» - Алматы, 2014-223 б.
3. «Ваххабиты разрешают временный брак» <http://www.religia.kz/2009-05-30-12-05-21/138-2009-05-30-17-50-53/3608-2011-08-31-13-06-35.html>
4. <http://muslim.kz/kk/article/476-paigambarymyzydyn-sgs-qoshtasu-hutbasy.html>
5. Әбу-Дәут. Никах 4 (2050); Нәсәи. Никах 11. (6,65-66)
6. Ибн-Мәжа: 2018

УДК 297.1

#### **«ПАРАЛЛЕЛЬНЫЙ ИСЛАМ» В СОВЕТСКОЕ ВРЕМЯ: СТРАТЕГИИ ВЫЖИВАНИЯ**

**Алибаев Магжан Акылжанович**

*[alibai90@mail.ru](mailto:alibai90@mail.ru)*

Магистрант 2 курса специальности «Религиоведение»

ЕНУ им.Л.Н. Гумилева

Научный руководитель – Шаповал Ю.В.

Советская власть значительно подорвала устои ислама. Становление советского государства сопровождалось процессом секуляризации в регионах традиционного распространения ислама, в том числе и в Казахстане. Середина 1920-х-начала 1930-х гг. характеризуется жесткой политикой советской власти в отношении ислама: изъятие у